

Бекітемін  
«Инсар Компаниясы» «Ар-Дана»  
Балалар бақшасы  
Менгеруші:  Сағиндықова. З.Ж.  
«31» «тамыз» 2021 жыл



Ересек «Құлыншақ» тобының 2021-2022 оқу жылына арналған

« Жасыл әлем»

Тақырыбындағы вариативтік компонентінің тақырыптық жоспары

**Вариативтік Жасыл әлем»күнтізбелік жоспары**

<b>№</b>	<b>Тақырып</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>сағат саны</b>
<b>1</b>	<b>Тақырыбы:</b> Біздің ауладағы ағаштар.	<b>Мақсаты:</b> Балаларды бақшамызда өсетін ағаштар атын білуге бұтақтарымен жапырақтарын діңіне қарай тануға үйрету.Күз ерекшеліктерін аңғара отырып,табиғат байлығын қорғауға,оны аялай білу дағдысын дамыту.Күздегі құрт құмырсқа өмірінде бірте – бірте болатын өзгерістер жайлы ұғымдарын молайту.Өз отанына деген сүйіспенділігін арттыру.	<b>1</b>
<b>2</b>	<b>Тақырыбы :</b> Қар неге ластанады.	<b>Мақсаты :</b> Қардың түрлерімен таныстыру. Қардың еруін бақылату.Қардың Табиғатқа пайдасын түсінді.Қыс мезгілінің табиғи ерекшеліктерін меңгерді.	<b>2</b>
<b>3</b>	<b>Тақырып:</b> «Аяз бен жылу»	<b>Мақсаты:.</b> Қыс мезгілінің табиғи ерекшеліктерін меңгерту.Схема бойынша суреттің мазмұнын құруға және сөздерді байланыстырып айтуға дағдылындыру.Аязда тонбау үшін дене жатығуын жасау керектігін түсіндіру.	<b>2</b>
<b>4</b>	<b>Тақырыбы:</b> «Қалдық заттар әлемі».	<b>Мақсаты:</b> Үй жағдайында шығарылған қалдықтарды қайтадан өңдеу арқылы пайдаланудың әртүрлі әдістерімен танысу. Туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, экологиялық білімді қалыптастыру, туған жер табиғатты қорғауға баулу.Балаларға табиғаттың адам өміріндегі зор маңыздылығын насихаттай отырып, оны аялауға, сақтап қорғауға өз үлестерін қосуға жұмылдыру, мейірбандыққа баулу.	<b>2</b>
<b>5</b>	<b>Тақырыбы:</b> «Теңіз мекендеушілер.»	<b>Мақсаты:</b> балалардың теңізге деген қызығушылығын арттыру, судың қасиетін, теңіздің адамға тигізер пайдасы туралы, теңізден алынатын байлығымыз жөнінде түсінік беру. Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.Теңіз мекендеушілерімен таныстыру.	<b>2</b>
<b>6</b>	<b>Тақырыбы:</b> «Қанатты достар»	<b>Мақсаты:</b> Балаларды жергілікті жердің құстарымен таныстырып оны күтіп баптауға, аялауға оларға қамқорлық жасап , мейірімділікпен қарауға тәрбиелеу.Балаларды табиғат арқылы адамгершілікке тәрбиелеу және	<b>2</b>

		экологиялық білімдерін толық ұғымға жетілдіру. Құстар туралы білімдерін толықтыру, құстарға деген қызығушылығын, тілдерін дамыту, сөздік қорын молайту.	
7	<b>Тақырыбы:</b> «Құстарды қарсы алайық!»	<b>Мақсаты:</b> Балалардың құстар туралы түсініктерін қалыптастыру, құстарды ажыратып, атап білуге үйрету. Құстар туралы ой - өрістерін, сұраққа жауап беруін, сөздік қорын танымдық қабілетін дамыту. Құстарды қорғауға, қамқор болуға тәрбиелеу.	1
8	<b>Тақырыбы:</b> «Мұздықтарды бақылау»	<b>Мақсаты:</b> Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру. Судың сұйық және қатты күйде болатындығын түсіндіру. Тәжірибе жасау арқылы судың түрлі-түсті мұзға қалай айналатындығын көрсету.	2
9	<b>Тақырыбы :</b> «Табиғатта қолайсыз ауа-райы болмайды?»	<b>Мақсаты:</b> Табиғат пен табиғат күнтізбесіндегі ауа-райы жағдайына (жаңбыр, қар, тұман, бұршақ, қырау) бақылау нәтижелерін айта білуге үйрету. Жыл мезгілдеріне байланысты өзгеруін, ерекшелігін байқауға талпындыру.	1
10	<b>Тақырыбы:</b> «Менің сүйікті жануарларым»	<b>Мақсаты:</b> Үй жануарлары жайында білімдерін бекіту. Жануарларды өзгешеліктеріне байланысты салыстыра білу. Балалардың сөздік қорын молайту, есте сақтау және ойлау қабілеттерін дамыту. Үй жануарларын күтуге, қорғауға, қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	2
11	<b>Тақырыбы:</b> «Табиғатқа көмектесейік !»	<b>Мақсаты:</b> Балаларды туған елінің табиғатымен таныстыру. Табиғат әлеміне танымдық қызығушылықтарын арттыру. Табиғатқа деген қамқорлық, сүйіспеншілік сезімдерін ояту;	2
12	<b>Тақырыбы:</b> «Орман мекендеушілері.»	<b>Мақсаты:</b> Жабайы жануарлардың сыртқы түрімен тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту. Жанды табиғатқа қызығушылықтарын, бастамаларын, жауапкершіліктерін қалыптастыру.	2
13	<b>Тақырып:</b> «Су тіршілік көзі.»	<b>Мақсаты:</b> Балаларға су туралы түсінік беру және судың қажеттілігін, оның адамның, құстың, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі маңызы туралы түсіндіру. Судың табиғатта баға жетпес сый екенін айту, түсініктерін қалыптастырып дамыту. Судың қасиетін тәжірибе арқылы ұғындыру. Қоршаған ортаны қорғауға, суды ластамауға, суды	1

		үнемдей білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	
14	<b>Тақырыбы:</b> «Сәлем алтын күз»	<b>Мақсаты:</b> Күз мезгілі туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Көкөністер туралы түсініктерін кеңейту. Көкөністер мен жемістерді ажыратуға, үйрету. Зерттеу жүргізу, іздестіру әрекеттерін орындау қызығушылығына тәрбиелеу. Адам еңбегін бағалауға, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбие Жыл мезгілдерінің ауысу, ерешеліктерімен танысу. Жыл мезгілдеріне деген қызығушылығын арттыру	2
15	<b>Тақырыбы:</b> «Су асты патшалығына»	<b>Мақсаты:</b> Судың қандай болатынымен, балаларға балық, су асты тіршілігі туралы түсінік беру, ойлауға, есте сақтауға үйрету. Тәжірибелік жұмыс барысында бақылау, зерттеу. Дәстүрден тыс бейнелеу әдісін қолдана отырып, ұсақ қол моторикасын жаттықтыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту.	2
16	<b>Тақырыбы:</b> «Күн жерге жарық береді»	<b>Мақсаты:</b> Жер бетінде тіршілік болуы үшін, күннің қажеттігін түсіндіру. Қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу. Қабілеттерін қалыптастыру. Балаларды жылдың кез келген мезгілінде табиғаттың сұлулығын көре білуге тәрбиелеу. Сомен қатар күннің тікелей сәулесінен сақ болуын, қауіпсіздік ережесін сақтау керектігін түсіндіру.	1
17	<b>Тақырыбы:</b> « Жел ,бәрінен күштісің!»	<b>Мақсаты:</b> Балалардың «Жел, бәрінен күштісің » тақырыбында білімдерін тереңдету, қоршаған орта жайлы танымдық әрекетін шындау. Балалардың ақыл - ойын, түсінігін, білімін, табиғат туралы білімін, қызығушылығын зейінін дамыту. Балаларды адамгершілікке, өз ойын толық жеткізе білуге, табиғатты аялай білуге, табиғат байлығын қорғауға, қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	2
18	<b>Тақырыбы:</b> «Өрмектегі өрмекші.»	<b>Мақсаты:</b> Жәндіктермен таныстыруды жалғастыру және улы емес өрмекшінің өрмегін бақылау. Бұл – өрмекшінің құрған торы және өрмекшінің өзі.	2
19	<b>Тақырыбы:</b> «Алуан гүлдер.»	<b>Мақсаты:</b> Балаларға ауладағы өсіп тұрған гүлдермен таныстырып ,олардың бір-бірінен ерекшеліктерін айтып түсіндіру.	2
20	<b>Тақырыбы:</b> «Жаңбыр»	<b>Мақсаты:</b> Жаңбырдың жаууын саусақпен сурет салу тәсілі арқылы бейнелеуге үйрету. Күз	1

		мезгіліне тән құбылысқа қызығушылығын арттыра отырып, табиғатты аялауға тәрбиелеу . Есте сақтау қабілетін, сөздік қоры мен ұсақ қол моторикасын дамыту.Кітаптар мен көрнекі иллюстрациялық жабдықтардан жаңбыр бейнесін көріп тамашалау. Жаңбыр жайлы әңгіме, дыбыс, музыкалық шығармалардан тыңдату.	
21	<b>Тақырыбы:</b> Топырақтың түрлері	<b>Мақсаты:</b> Балаларға топырақтың ерекшелігі және оның құрамымен таныстыру. Топырақтың түрлерін ажырата білуге үйрету. Өсімдіктер тіршілігіндегі рөлін түсіндіру. Топырақ түсінің және сапасының қарашірікке байланысты екендігін әңгімелеу. Тәжірибе жұмысын жүргізу арқылы жан-жақты ойлау қабілетін дамыта отырып біліктілігін, дағдыларын арттыру. .	2
22	<b>Барлығы</b>		<b>36 сағат</b>

**Апта:**

**Күні:**

**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент «Жасыл әлем»

**Тақырыбы:** Біздің ауладағы ағаштар.

**Мақсаты:**Балаларды бақшамызда өсетін ағаштар атын білуге бұтақтарымен жапырақтарын діңіне қарай тануға үйрету.Күз ерекшеліктерін аңғара отырып,табиғат байлығын қорғауға,оны аялай білу дағдысын дамыту.Күздегі құрт құмырсқа өмірінде бірте –бірте болатын өзгерістер жайлы ұғымдарын молайту.Өз отанына деген сүйішпенділігін арттыру.

Тәрбиеші:Балалар бастамас бұрын тілімізге,қолымызға жаттығулар жасап алайық.

«Кім бірінші»(саусаққа)(тіл,қол жаттығулары)

Айнала сары киінді,

Құстар жылы жаққа ұшады.

Күн бұлттана ызғарланады,

Бұл қай кезде болады?

Балалар:Бұл күз мезгілінде болады.

Тәрбиеші:-Балалар жылдың неше мезгілі бар

-Жылдың төрт мезгілі бар:көктем,жаз,күз,қыс.

Тәрбиеші:Күз мезгілінің неше айы бар?

Балалар:-Күздің үш айы бар(қыркүйек,қазан,қараша.)

Тәрбиеші:Күз ерекшелігін кім айтады?

Күн суытады,жылы киінеміз,құстар жылы жаққа ұшып

кетеді,көкөніс,жемістер,дақылдарды жинап аламыз.

Тәрбиеші:Құстар біздің кіміміз?

Балалар:Құстар-достар,олар бақшаны құрт құмырсқалалардан қорғайды.

Тәрбиеші: Қыстайтын құстарды кім біледі?

Балалар: Сауысқан, торғай, суықторғай, кептер.

Осы балабақша айналасында өсетін ағаштарымызды

таныстырамыз.Бақшамызға кірер қақпа алдында сол жағында қандай ағаш

өсіп тұр? Шырша ағаштары өсіп тұр,гүлдер өсіп тұр.

Тәрбиеші:Аржақтарында аққайын , талшын тұт,шырша мен сирен өсіп тұр.Дұрыс балалар

Тәрбиеші: Бақшаға кірер кездегі гүлзарда қандай гүл бар?

Балалар: «раушан» гүлдер өсіп тұр.

Тәрбиеші: Өте жақсы балалар. Бақшамыздағы өсетін ағаштарды,гүлдерді жақсы біледі екенсіңдер

### **Сергіту сәті:**

Бойдыбүкпей тік ұста,

Еркін тұрып тыныста.

Алға қарай бір адым,

Артқа қарай бір адым.

Қос аяқтап топ – топ,

Алақанды соқ - соқ

Дидақтылық ойын: «Сиқырлы шам арқылы суретке қарап, атын тап».

Тәрбиеші: Шырша ағашын кім тауып көрсетеді ?

Дидактикалық ойын: «Ағаштан жасалған затты ата»

Сұрақ-жауап:Үйлерінде ағаштан жасалған қандай зат бар

Ағаштың немесе бұталардың атауларын

Қайталайды, оларға тән ерекшеліктеріді

атайды:биіктігі , дінінің жуандығы , жаырақтарның түсі . Кіре беріс қалқалар

, әткеншек,орындықтар құм алаңының қоршауымен шатыры т.б ағаштан

жасалғаның айтады

**Күтілетін нәтиже :**

Айта алады: жергілікті жерде өсетін ағаштар мен бұталардың атауларын , ағаштармен бұталардың ортақ негізгі белгілерін (тамыр, жапырақ) ағаштар мен бұталардың айырмашылықтарын (ағаштың діңі жалғаыз, бұтада көп сабақ) нысанның бөліктері . ағаш немесе бұта туралы әңгіме құрастыру дағдылаын табиғатты қорғайды

**Күні:**

**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент «Жасыл әлем»

**Тақырыбы :** Қар неге ластанды.

**Мақсаты :** Қардың түрлерімен таныстыру. Қардың еруін бақылату. Қардың

Табиғатқа пайдасын түсінді. Қыс мезгілінің табиғи ерекшеліктерін

меңгерді. Схема бойынша суреттің мазмұны құруға және сөздерді

байланыстырып айтуға дағдыландыру. Қардың ластану қалалық жердегі

транспорт көптігінен және де көптеген жылу шағаратын жерлердегі көмір

отынның әсеріненде . Тұз тез лас қарды ерітеді, өйткені:

Балшықта қардың балқытатын процестерін тездететін тұздар бар.

Кір әдетте күңгірт, демек, бұл күн сәулесін сіңіреді, нәтижесінде қар жауады,

қарды жылыту керек.

Қар шаң жинайтын мүлікке ие. Қалалық шаңда, әдеттегі табиғи ластану мен

бактериялардан басқа, көптеген ауыр металдар мен басқа да улы заттарды

сіңіреді және оның өмір сүру қаупін ашады. Неліктен қар мен мұз тұзды

ерітеді? Қар мен мұз- бұл 0 градус температурада қабып қалады (қатты болу).

Егер сіз суға тұз қоссаңыз, онда тұз ерітінді алынады, содан кейін 0 – ден

төмен температурада қатып қалады , егер сіз мұзды немесе қарды тұзбен

себіңіз, егер сіз тұзды ерітіп , тұзды суда еріп. Қар-ол сезімтау ластану

тиісінше, ол жер бетінде көп ластанғанын тұжырым жасауға болады. Мен

біздің ауладағы қарды ертіп бақылау жасадық.

Тәжірибе барысында қарды жеуге болмайтынын түсіндірдім

Қорытынды: балалар қарды қалай ластанатынын түсінді

**Күтілетін нәтиже:** қарапайым зерттеу тәжірибиені түсінді.

**Күні:**

**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент «Жасыл әлем»

**Тақырып:** «Аяз бен жылу»

**Мақсаты:** Қыс мезгілінің табиғи ерекшеліктерін меңгерту. Схема бойынша

суреттің мазмұнын құруға және сөздерді байланыстырып айтуға

дағдыландыру. Аязда тонбау үшін дене жатығуын жасау керектігін

түсіндіру. Қысқы ойындар. Қыс мезгілі, қысқы ойындар, қысқы табиғат, қысқы

еңбек жайлы түсінік беру. Танымдық, шығармашылық

қасиеттерін, тілін, сөздік қорын дамыту. Сабакқа қызығушылығын арттыру. Табиғатқа, қоршаған арттыру. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Балалар бір сәт өзімізді - сыртта, таза ауада тұрғандай елестетейік.

-Айнала қандай?

-Қар қандай?

-Ал мұз ше?

-Ауа қандай?

-Терезелерде не бар?

Қыс қандай болады? (қарлы, боранды, аязды)

Иә білемін айнала ақ көрпеге оранып, тап-таза күйге енеді.

Ал біз болсақ, қыстан, аяздан қорықпаймыз. Жылы киініп, шанамен сырғанап, шаңғы тебеміз.

Қыста ауа райында қандай өзгерістер болады?

Жерді қар басады. Өзенді мұз басады.

Құстар ән салмайды. Ағаштар өспейді.

Жәндіктер тығылып қалады.

Адамдар қалың киінеді.

Қыс айлары жайлы біз не білеміз?.

Желтоқсан-жыл аяғы қыстың басы ол, суық, ызғарлы болады.

Қаңтар-Жыл басы қыстың ортасы ол ең қарлы ай. Бұл айда қатты суық, үскір аяз болады.

Ақпан -жел мен боранның айы. Бұл айда ең ауыр, әрі суық дүлей боранда болады.

Схема бойынша әңгінің жоспарын құру.

Ол қандай ағаш?

Суретке тақырып қояйық.

Балалар не істеп жүр. Олардың көңіл-күйлері қандай?

Саған қармен ойнаған ұнай ма?

Суреттен «Қысқы табиғат»

Ағаштарда не байқадың. Жерден не көрдің.

Қыста қандай еңбек істеледі? Адамдар не жұмыс жасап жатыр?

«Балалардың ойындары»

Балалар не істеп жүр. Олардың көңіл күйлері қандай?

«Қыстың шуақты күні. Жапалақтап қар жауып тұр. Айнала аппақ. Ағаштарды қырау басқан. Үйлердің төбеінде де қар. Жерде омбы қар. Адамдар жолды қардан тазартады. Ал балалар көңілді. Үйткені олар қардан аққала жасады. Шана, шаңғы тепті. Мұзда сырғанап ойнады.

**Күні:**

**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент «Жасыл әлем»

**Тақырыбы:** «Қалдық заттар әлемі».



**Мақсаты:** Үй жағдайында шығарылған қалдықтарды қайтадан өңдеу арқылы пайдаланудың әртүрлі әдістерімен танысу. Туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, экологиялық білімді қалыптастыру, туған жер табиғатты қорғауға баулу. Балаларға табиғаттың адам өміріндегі зор маңыздылығын насихаттай отырып, оны аялауға, сақтап қорғауға өз үлестерін қосуға жұмылдыру, мейірбандыққа баулу.

Табиғаттың экологиялық жағдайы адамның өзіне әсер етуде. Ең жаманы болашақ ұрпағымыз осы экологияда өмір сүреді. Бізді құтқаратын бір нәрсе ол экологияны қадір тұту, барлық байлығын

ұтымды, тиімді пайдалану Миға шабуыл. Логикалық сұрақ. Бір балықшы экологияның құдіретін өмір бойы есінде сақтаған екен.

Оған бұл құдіреттілікті тайганың тұрғыны түсіндірген екен. Балықшы тайганың тұрғынымен өзен жағасында балық аулап отырғанда, аспаннан масалардың қаптаған бұлтын көреді де: - Эх, осы масаларды жер бетінен жойып жіберетін ғалым болса гой - деп армандайды. Қасында отырған тайга тұрғыны ештеңе айтпай ұстаған балығын алып, оның қарнын пышақпен кеседі. Сол уақытта балықтың қарыны масаға толы болады...

Егер де масалар жер бетінен жойылып кетсе, онда масамен қоректенетін балықтар да жойылады. Ал егерде балық жойылса, онда адамдар аш қалады. Табиғатта барлығы бір-бірімен байланыста өмір сүреді.

Табиғатта сұрыптау жүреді.

Ия, табиғатта барлығы қарым-қатынаста өмір сүреді, оны экология зерттейді. Сондықтан да табиғаттағы барлық тірі организмнің өз орны бар. Әрбір табиғаттың байлығын тиімді пайдалану керек. Тіпті үй жағдайындағы қалдықтарды да қоқысқа тастамай, қайтадан өңдеу арқылы оларға жаңа өмір сыйлауға болады. Үй жағдайындағы қалдықтарды өңдеп оны жаңа нәрсеге пайдалануымызға болады. Олай болса мен осы бүгінгі тақырыбымды «Тұрмыстық қалдықтардың екінші өмірі» деп алуымның өзінде үлкен мән бар. Ол осы отырған кез келгеніміздің қолымыздан келетін жағдай. Мен осы тақырыпқа сай сіздерге тапсырма берген болатынмын. Ол үй жағдайында шығарылатын қалдықтарға байланысты бір қызықты, ұтымды практикалық жоба көрсету.

Бізде бүгін 3 топ жұмыс жасайды. Кезекті топтардың практикалық жұмыстарына беремін.

Қандай да бір тұрмыстық қалдықтан аграрлық тыңайтқыш жасау.

Тыңайтқышты жасау болады. Картоптың қабығынан тыңайған топырақ дайындау. Жұмыртқаның қабығын өңдеу. Бананның қабығынан сұйық тыңайтқыштар дайындау.

Барлық қалдықтардың біз үшін маңызы бар екенін көрдік.

**Күтілетін нәтиже.** Бүгінгі сабағымызды қорытындыласақ қалдық заттардыда жинап екінші өмір силауға болады. Күтілетін нәтиже:  
Қалдық заттарды тастамау керектігін біледі.Керексіз заттарды қайта өңдеуге болатынын игерді.

**Күні:**

**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент «Жасыл әлем»

**Тақырып:** «Аяз бен жылу»

**Мақсаты:** Қыс мезгілінің табиғи ерекшеліктерін меңгерту.Схема бойынша суреттің мазмұнын құруға және сөздерді байланыстырып айтуға дағдылындыру.Аязда тонбау үшін дене жатығуын жасау керектігін түсіндіру.Қысқы ойындар.Қыс мезгілі,қысқы ойындар,қысқы табиғат,қысқы еңбек жайлы түсінік беру.

Балалар бір сәт өзімізді - сыртта, таза ауада тұрғандай елестетейік.

-Айнала қандай?

-Қар қандай?

-Ал мұз ше?

-Ауа қандай?

-Терезелерде не бар?

Қыс қандай болады? (қарлы,боранды,аязды)

Иә білемін айнала ақ көрпеге оранып, тап-таза күйге енеді.

Ал біз болсақ, қыстан, аяздан қорықпаймыз. Жылы киініп, шанамен сырғанап, шаңғы тебеміз.

Қыста ауа райында қандай өзгерістер болады?

**Күні:**

**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент «Жасыл әлем»

**Тақырыбы:** «Теңіз мекендеушілер.»

**Мақсаты:** балалардың теңізге деген қызығушылығын арттыру, судың қасиетін, теңіздің адамға тигізер пайдасы туралы, теңізден алынатын байлығымыз жөнінде түсінік беру. Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.Теңіз мекендеушілерімен таныстыру.

Балалармен гүл шоқтарын жеке-жеке беріп,тілек айту бір-біріне.

Балалар, біз бүгін кемемен саяхатқа шығамыз.

- Кемемен қайда жүзуге болады?

- Суда, теңізде, мұхитта

-Дұрыс, балалар.

- Бәріміз мына жер шары немесе глобусқа көз салып көрейікші. Жер шарының үштен екі бөлігін су алып жатыр. Жер бетіндегі барлық адамдардың тіршілігі сумен байланысты.суретке назар аударайық. Сонымен бірге теңіз бақалшағымен, теңіз құмымен, теңіз балдырларымен танысамыз. Сонымен бірге өзімізбен бірге теңіз суын ала келгенбіз.

Теңіз суы тұзды, ащы болып келеді. Теңіздің суын іше алмаймыз. Жазда теңізге шомыламыз.

Теңізден адам жеуге болатын балық, теңіз капустаcы сияқты өнімдерді аламыз және де ас тұзын осы теңізден аламыз. Енді бәрін мына суретке қараңдар, мында теңізде кездесетін балықтардың бір тобы - камбала, сазан, кефаль, дельфин т.б Сегіз аяқ, шаян .Сурет арқылы әңгімелеу.Су асты жәндіктері.

### **Сергіту сәті**

Көзімізді жұмамыз

Балық болып жүземіз

Ұстап алып біреуін

Қазанға әкеп саламыз.

Бұл топтағы су жануарлары қабыршақтардың, өкпелік тыныс алудың және оларды суда да, құрлықта да болуға мүмкіндік беретін қанайналым жүйесінің болуымен сипатталады. Игуаналар, теңіз тасбақалары және қолтырауындар осы санаттағы кейбір жануарлар болып табылады.Теңіз тасбақалары бауырымен жорғалаушылар тобының су жануарлары.

температурасын реттеуге көмектесетін қауырсындардың болуымен сипатталады және олар басқа су жануарларымен, мысалы, шаян тәрізділермен және балықтармен

Алтын балық: Тапсырма жіберіпті.Жұмбақ жасыру:

Жылға қуып ағады

Ағып көлге барады.

Ішсең шөлің қанады

Шешуін кім табады? ( Бұлақ)

Құйрығы жерге тимейді

Жотасы күнге күймейді (балық) Балалар көл, өзен, теңіз барлығы неден тұрады?-Судан.

-Ал біз сусыз өмір сүре аламыз ба?

-Ендеше су туралы қандай тыйым сөздер білесіңдер?

Бұлақ көрсең көзін аш.

Су ішкен құдығыңа түкірме

Судың да сұрауы бар.

Сегіз аяқ, шаян .Сурет арқылы әңгімелеу.Су асты жәндіктері.

## **Дидактикалық ойын: "Не жасырынған?"**

Шарты: Мына тасты ашып, жасырынған заттың атын ата!

Күтілетін нәтиже: Теңіз туралы толық мағұлмат алды. Теңіз жәндіктерін, балықтарын біледі. Суды ысырапсыз пайдаланбай, тыйым сөздер арқылы үнемдеу түсінігін игерді.

### **Күні:**

**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент «Жасыл әлем»

**Тақырыбы:** «Қанатты достар»

**Мақсаты:** Балаларды жергілікті жердің құстарымен таныстырып оны күтіп баптауға, аялауға оларға қамқорлық жасап, мейірімділікпен қарауға тәрбиелеу. Балаларды табиғат арқылы адамгершілікке тәрбиелеу және экологиялық білімдерін толық ұғымға жетілдіру. Құстар туралы білімдерін толықтыру, құстарға деген қызығушылығын, тілдерін дамыту, сөздік қорын молайту.

Табиғат біздің анамыз

Табиғатқа баламыз

Иіліп сәлем береміз

Біз әдепті баламыз

Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Қай айы? Аптаның нешінші күні? Апта аттары?

Балалар мен сіздерге жұмбақ жасырайын шешуін табуға тырысып көріңдер.

Мұхият тыңдаңдар.

Қанаты бар талмаған

Аспанға ұшып самғаған

Жауы шыбын шіркейден

Табиғатты қорғаған

Бұл не?

-Ия балалар құстар біздің қанатты достарымыз

Құстардың түрі өте көп

Құстар қанат және қауырсындарымен ерекшеленеді. Олардың

ауыздарының арасында тұмсық, қолдарының арасында қанат, екі аяғы бар, бірақ олар көбіне аспанда ұшып қалықтап жүреді.

(Суретін көреміз)

Құстар екі топқа бөлінеді: Жыл құстары және қыстап қалатын құстар Жыл құстарына: Қарлығаш, бұлбұл, тырна, қараторғай

Қыстап қалатын құстар: Торғай, қарға, суықторғай

Құстар зиянды құрт құмырсқалармен қоректенеді. Сөйтіп олар зиянды жәндіктерді құртады.

Суық мезгілде құстардың жем табуы өте қиын. Сондықтан адамдар жем сауыт жасап, оны ағаш бұтақтарына іліп қояды. Жем сауытқа нан қиқымдарын, бидай жем салуға болады.

Жасырынбақ ойыны: Шарты деңгелектің артында бір құс тығылып тұр, ол қай құс? Шешуін тап.

Торғай, торғай тоқылдақ

Жерден жемді шоқып ап

Бөтегесі бүлкілдеп

Шик- шик етіп отырмақ

Сурет бойынша әңгімелеу:

Балалар құстар біздің досымыз екен. Олардың ұясын бұзуға болмайды.

Құстардың ішінде бізге жақын құстарда бар. Қарлығаш үйге ұя салады, ол адамның досы.

Бізге жақын құс ол қарлығаш құсы екен. Ал өте мейірімді, сұлу құс.

Балалар сурет бойынша әңгімелейді.

**Сергіту сәті:**

Қарлығаш

Жарайсыңдар балалар!

-Балалар құстар біздің қанатты достарымыз

Кімдер екен?

Балалар құстар сіздерге ұнайды ма?

Балалар сіздер қандай құстармен таныстыңыздар? Құстарға қамқор болуымыз керек, оларға жем беріп күтейік.

Жарайсыңдар балалар!

Балаларды мадақтау

Күтілген нәтиже: Меңгереді: Құстардың пайдасы, оларды бір-бірінен ажырата білуге байланысты берілген тапсырмаларды орындайды. құстардың бірнеше түрін және олардың ерекшеліктері туралы берілген мәліметтерді. құстарды басқа жан-жануарлардан ажырата білу дағдыларын.

**Күні:**

**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент «Жасыл әлем»

**Тақырыбы:** «Құстарды қарсы алайық!»

**Мақсаты:** Балалардың құстар туралы түсініктерін қалыптастыру, құстарды ажыратып, атап білуге үйрету. Құстар туралы ой - өрістерін, сұраққа жауап беруін, сөздік қорын танымдық қабілетін дамыту. Құстарды қорғауға, қамқор болуға тәрбиелеу.

**Шаттық шеңбер:**

Құстарға біз барамыз,

Бірге ән де саламыз

Қуанамыз, күлеміз

Асыр салып ойнаймыз.

- Қазір жылдың қай мезгілі?

- Көктем.

- Көктем айларын атайықшы балалар.

- Наурыз, сәуір, мамыр. - Балалар бүгін біздер құстар жайында білетін боламыз. - Көктемде күн жылынады, ағаштар бүршік жарады. Салқын түсе жылы жақа ұшып кеткен құстарымыз, көктемде қайтып оралады.

- Балалар қараңдаршы, торғай - өзі кішкентай, дөңгелек тәрізді да аяқтары да кішкене құс. Бұлар топтасып ұшып жүреді. Торғайлар дәнмен қоректенеді. олар дән жегенді ұнатады. Адамдар торғайларға жемсалғыш жасап, қамқорлық көрсетеді.

- Қарлығаштың бауыры ақ қалған жері қара қанаты сүйір құйрығы айыр, ол адамға дос. Ұясын үйдің айналысына салады. қара, тамақ талғамайды, кез келген тамақты

- Қарғаның денесінің түсі мықты үшкір тұмсығымен шоқып қоректенеді. - Құстар біздің досымыз, құстар ағаштарды зиянды жәндіктерден қорғайды. Құстарға адамадар ағаштан ұя жасап қояды.

**Сергіту сәті:**

Кәне қанат жазайық

Қарлығаш боп ұшайық

Ұшып - ұшып алайық

Орнымызға қонайық.

Ғажайып сәт:

Құстар патшалығынан әдемі ұя алып келдім.

- Мен өзіммен бірге құстарға арнап ұя ала келдім.

- Тәрбиеші: Балалар қараңдаршы, қандай әдемі ұя?!

Ашып көрейік, ұяшық ішінде не бар екен? Дидактикалық ойын: «Қандай құстың дауысы?»

- Балалар, жарайсыңдар құстардың дауысын жақсы айыра біледі екесіңдер. Енді мен сендерге ұяның ішінде не бар екенін көрсетемін.

Құстарға жем шашылады.

- Тәрбиеші: Балалар бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма? (Балалар жауабы)

- Ал, енді балалар «Ұшты - ұшты» қимылды ойынын ойнайық.

Ұшты, ұшты қарға ұшты

Ұшты, ұшты түлкі ұшты

Ұшты, ұшты торғай ұшты

Ұшты, ұшты қарлығаш ұшты

Ұшты, ұшты машина ұшты

Ұшты, ұшты ұшақ ұшты.

Балалар құстар сіздерге ұнайды ма?

Балалар сіздер қандай құстармен таныстыңыздар?

Құстарға қамқор болуымыз керек, оларға жем беріп күтейік.

Жарайсыңдар балалар!

Балаларды мадақтау

Күтілген нәтиже: Құстардың пайдасы, оларды бір-бірінен ажырата білуге байланысты берілген тапсырмаларды орындайды. құстардың бірнеше түрін және олардың ерекшеліктері туралы берілген мәліметтерді. құстарды басқа жан-жануарлардан ажырата білу дағдыларын.

## **Күн**

**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент «Жасыл әлем»

**Тақырыбы:** «Мұздықтарды бақылау»

**Мақсаты:** Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру.

Судың сұйық және қатты күйде болатындығын түсіндіру. Тәжірибе жасау арқылы судың түрлі-түсті мұзға қалай айналатындығын көрсету.

Күндей жадырап,

Айдай арайлап.

Жұлдыздай жарқырап,

Судай мөлдір таза көңілмен Бүгінгі күнімізді бастайық. Балалар, бүгінгі біздің ұйымдастырылған ашық оқу қызметіміздің тақырыбы «Түрлі-түсті мұздар»

Ғажайып сәт: (есік қағылады)

-Балалар бізге ғажайып қонақ Аққала келді. Қолында мұз салынған құтысы бар.

Аққала: Амансыңдарма балалар мені танысыңдарма?

-Менің атым Аққала

Ал сенің атың кім? (қар кесегін балаларға беріп аттарын сұрайды, қонақтарға әдемі көңіл -күй сыйлайды) Мұзды балаларға ұстатып мұз қатты сырғанақ және суық екенін айтады. Қолдарымыз тоңды саусақтарымызға жаттығу жасайық.

Қарды қолмен жинайық,

Сіз қонақ болып жайғасыңыз.

Ал балалар енді өзіміз тәжірибе жасап көрейік.

-Балалар банкілерге не құйылған?

Суқандай?

Мөлдірлігі соншалық, оның іші жақсы көрінеді. Кім мөлдір суды жақсы көреді? Барлығың жақсы көреді екенсіңдер.

Суды қайда қолданамыз?

Таза суды ішеміз, тамақ дайындаймыз, ыдыстарды жуамыз, өзіміз жуынамыз.

Суда нелер тіршілік етеді?

Енді біз түрлі -түсті бояу қосып суды араластырамыз. Енді түрлі -түсті судан түрлі -түсті мұз жасаймыз

-Суды мұзға айналдыруға бізге Аққала көмектеседі. Өйткені Аққала суықты жақсы көреді. Мына қалыптарға суды құйып Аққалаға берейік (Аққала суды қатыруға шығып кетеді)

Су қатты суықта және де тоңазытқышта да қатады.

**Сергіту сәті:**

-Қазір біз «Қар ұшқыны» биін билеміз.

Аққала келіп, судың мұз болып қатқанын айтады. Тәрбиеші мұзды шыны ыдысқа салып балаларға көрсетеді.

- Мұзды Аққалаға орманға беріп жіберейік, ол ормандағы шыршаларды безендірсін. Қазір біз «Қар ұшқыны» биін билеміз.

Аққала келіп, судың мұз болып қатқанын айтады. Тәрбиеші мұзды шыны ыдысқа салып балаларға көрсетеді.

- Мұзды Аққалаға орманға беріп жіберейік, ол ормандағы шыршаларды безендірсін. Аққала балалармен қоштасып кетеді.

. Жарайсыңдар, балалар!

- Балалар бізге қонаққа кім келді?

Біз не істедік? Судың неге айналғанын көрдік.

Бізге Аққала көмектесті, ол кісіге көп рахмет деп айтайық.

- Балалар суды Аққала мұз етіп қатырады екен және суды тоңазытқышқа қойсақта қатады екен.

- Балаларды мадақтау.



**Күні:**

**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент «Жасыл әлем»

**Тақырыбы :** «Табиғатта қолайсыз ауа-райы болмайды?»

**Мақсаты:** Табиғат пен табиғат күнтізбесіндегі ауа-райы жағдайына (жаңбыр, қар, тұман, бұршақ, қырау) бақылау нәтижелерін айта білуге үйрету. Жыл мезгілдеріне байланысты өзгеруін, ерекшелігін байқауға талпындыру.

Балалар алақан жылулары арқылы бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. Жарайсыңдар балалар, айтқан тілектерің қабыл болсын.

Балалардан жыл мезгілдерін сұрау.

-Қазір жылдың қай мезгілі?

Қыс мезгілінде неше ай бар?

Қыс айларын атаңдаршы?

Дұрыс

-Балалар, қыс ерекшеліктерін атаңдаршы?

Балалар қыс мезгіліне байланысты суретке қарап әңгімелейді.

-Қыста қар жауады, күн суытады аспаннан қар жауады, қармен балалар аққала жасап, қар лақтырысып сырғанақ теуіп ойнайды. Қыста күн қысқарып, түн ұзарады. Қыс мезгілінде ауа таза болады. Қыс мезгілі өте көңілді мезгіл. Жарайсыңдар, ақылды балалар екенсіңдер. Қыста дала, орман, үйлер ақ қар жамылады. Өзендер мен көлдердің бетін көгілдір мұз жабады. Күн аязды, жер тайғақ болады.

-Қыста торғайлар ұясына мамық таси бастаса, күн кенеттен қатты суытады. Қысты күні әтеш бір аяғын көтеріп тұрса, аяз болады. -Қыста қаздар қаңқылдаса жылы болады, аяқтарын бауырына тығып жатып алса, күн суытады. .

-Қыста кемпірқосақ көрінсе, жыл берекелі, жайлы, мал төлді, егін, шөп шығымды, қуаныш көп болады.

Енді балалар мына суретке назар аударыңдаршы.

Суретте- жауған қар, жаңбыр, бұршақ, қырау, тұман бейнеленген. Күн тізбедегі ауа-райын белгілейтін белгі бойынша карточка арқылы көрсету

Сергіту сәті

Боран соғады оң жақтан

Боран соғады сол жақтан

Қар лақтырысып ойнасақ

Су өтеді қолғаптан.

«Қыстың шуақты күні. Жапалақтап қар жауып тұр. Айнала аппақ. Ағаштарды қырау басқан. Үйлердің төбеінде де қар. Жерде омбы қар. Адамдар жолды қардан тазартады. Ал балалар көңілді. Өйткені олар қардан аққала жасады. Шана, шаңғы тепті. Мұзда сырғанап ойнады.

Күтілетін нәтиже: Ауа-райының болжамы туралы. Табиғатта барлық құбылыстарының пайдасы бар екенін меңгерді. Берілген тапсырмаларды орындай алды.

**Күні:**

**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент «Жасыл әлем»

**Тақырыбы:** «Менің сүйікті жануарларым»

**Мақсаты:** Үй жануарлары жайында білімдерін бекіту. Жануарларды өзгешеліктеріне байланысты салыстыра білу. Балалардың сөздік қорын молайту, есте сақтау және ойлау қабілеттерін дамыту.

Үй жануарларын күтуге, қорғауға, қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

**Шаттық шеңбері:**

Бала, бала, баламыз

Бақшамызға барамыз.

Күні бойы қызыққа

Батамызда қаламыз.

Тәрбиеші: Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Қыс мезгілі.

Тәрбиеші: Қыс мезгілі неше айдан тұрады?

Балалар: 3 айдан тұрады. Тәрбиеші: Қыс мезгілінің айлары қандай?

Балалар: Желтоқсан, қаңтар, ақпан.

Тәрбиеші: Сендердің бүгінгі күндеріңе сәттілік тілеймін. Балалар бүгінгі оқу іс - әрекеті тіл дамыту сабағы.

Тақырыбы: «Үй жануарлары»

Тәрбиеші: Үй жануарларына қандай жануарлар жатады?

Балалар: Үй жануарларына түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мысық, жылқы

жатады, Тәрбиеші: Үй жануарлары қайда жүреді? Орманда ма, үйде ме?

Балалар: - Біз үй жануарларын үйде бағамыз. Тәрбиеші: - Үй жануарларын

суреттер арқылы көрсетеді. Мынау қандай үй жануары? Балалар: - Сиыр

Тәрбиеші: - Төлі қалай аталады?

Балалар: - Бұзау. Тәрбиеші: - Мынау қандай жануар? Оның төлі қалай аталады?

Балалар: - Түйе, төлі бота.

Тәрбиеші: - Мынау қандай жануар? Оның төлі қалай аталады?

Балалар: - Жылқы, төлі құлын. Тәрбиеші: - Мынау қандай жануар? Төлі қалай аталады?

Балалар: - Қой, төлі қозы.

Тәрбиеші: - Мынау қандай жануар? Оның төлі қалай аталады?

Балалар: - Ешкі, төлі лақ.

Тәрбиеші: - Оларды неге үй жануарлары дейміз? Себебі, адамдар қорада жем беріп, шөп беріп, су беріп күтіп бағады. Егер қарамай далаға жіберіп қойса,

қасқырлар жеп қояды. - Үй жануарларының қандай пайдасы бар? Балалар: - Сүтін ішеміз, етін жейміз. Жүнінен киім тігеді.

3. Жұмбақтар шешу.

- Енді мен сендерге жұмбақтар жасырамын.

1. Басында екі таяғы бар

Терт аяғы бар,

Сегіз тұяғы бар

Иегінде сақалы бар. (Ешкі)

2. Қамыс құлақ, тостаған тұяқ, Мінсең - қанат, сүті - дәрі, еті - тамақ.

(Жылқы)

3. Кезікті бір жануар

Үстінде екі тауы бар. (Түйе)

4. Кішкене ғана бойы бар,

Айналдырып киген тоны бар. (Қой)

4. Сергіту сәті.

Тәрбиеші: Қане, балалар бойымызды сергітіп алайық. - Балалар «Төлдер» жырын білеміз бе? Олай болса «Төлдер» жырын

қимылмен орындайық.

5. Ойын: «Дауысынан таны»

Шарты: Үнтаспадан жануарлардың даусын салады, балалар қай

жануарлардың даусы екенін табады. Қорытындылау:

Үй жануарларымен танысты. Үй жануарларына қандай жануарлар жатад екен?

Сиыр, түйе, қой, ешкі, жылқы.

Жақсы балалар, әрқашан үй жануарларына қамқорлық жасап жүруіміз керек.

**Күні:**

**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент «Жасыл әлем»

**Тақырыбы:** «Табиғатқа көмектесейік!»

**Мақсаты:** Балаларды туған елінің табиғатымен таныстыру. Табиғат әлеміне танымдық қызығушылықтарын арттыру. Табиғатқа деген қамқорлық, сүйіспеншілік сезімдерін ояту;

Шаттық шеңбері.

Біз әдепті баламыз,

Жайнай берсін даламыз.

Табиғатпен дос болып,

Қамқорлықпен қараймыз.

- Балалар сендер қай елде тұрасыңдар?

- Қазақстанда.

- Қазақстан елінің табиғаты бай және ерекше.

- Бізде кең байтақ дала да, шалқыған өзен - көлдер де, жайқалған орман да, асқар биік таулар да бар. Ұлан байтақ жерімізде аңдар мен құстар мекендейді.

**Сергіту сәті:** Қоюланып кара бұлт

Жаңбыр жауды себелеп.

Жапырақты жамылып,

Жата қалды көбелек.

«Табиғатты аялайық» ойыны

Әр бала тірі табиғат түрлерін плакатқа жапсырып, табиғат көрінісін бейнелей отырып, тиым сөздер айту.

Гүлді жұлуға болмайды, гүлді аялау керек. Ағашты кесуге болмайды, ол бізге таза ауа береді. Суды ластауға болмайды, сусыз өмір жоқ.

Күнімізді бұлт баспасын. Көбелекті өлтірмеңдер, ол - әдемілік белгісі.

Құсты атуға болмайды, құс - адамның досы. Жасыл шөпті жұлуға болмайды, ол біздің жерімізге көрік береді. Аңдарды қорғауымыз керек, олар біздің байлығымыз. Асқар тауларымыз биік болсын. Аққуды атуға болмайды, ол сұлулық белгісі.

### **Тыныштық сәт**

- Балалар, денелеріңді түзу ұстап, бастарыңды жоғары көтеріп,

:ыңғайланып отырыңдар. Ауаны терең жұтып, еркін тыныс алыңдар.

Өздеріңнің тыныс алуларыңды бақылап, бақытқа, махаббат пен тыныштыққа толы таза, шипалы ауаны тұла бойларыңа толғанын сезініңдер. Ал енді

көздеріңді ашсаңдар да болады. Әңгімелеу. «Табиғат - Ана». Табиғат -

Ананың Жер, Су, Ағаш деген үш ұлы болыпты. Олар өте

ақылды, мейірімді екен. Табиғат - Ана бір күні ұлдарын шақырып алып: -

Адамдарға көп қызмет еткен ұлыма үлкен сый тартамын, - деп уәде

береді. Сонда ұлдары анасының айтқанына қуанып келісіп, адамдарға

жақсылық жасауға жолға шығыпты. Үшеуі үш жаққа кетіп, адамдарға көп

игілікті істер жасапты. Күндердің күнінде үшеуі еліне қайтып оралғанда,

аналарының бұрынғыдан да бетер көріктене түскеніне риза болған ұлдары:

- Апатай, Сіз қандай керемет күйге түскенсіз, мұның сыры неде? - дегенде -

Табиғат - Ана:

- Аяулы ұлдарым менің, бұның сыры сендердің адамзатқа жасаған

қайырымдылықтарыңда, - деп жауап береді. Содан бері Жер, Су, Ағаш

аналарының сұлулығын сақтап қалу үшін, адамдарға адал қызмет етумен

келеді екен.

Балаларға сұрақтар қою.

1. Табиғат әдемілігін сақтау үшін ең бірінші не керек екен?

2. Жер, су, ағаш бір - бірімен байланыста ма?

3. Су болмаса жердің көркі бола ма?

Тәрбиеші балаларға Ө. Тұрманжановтың

«Сүйейік, табиғатты аялайық,

Біз де одан жақсылықты аямайық» деген өлең жолдарын бүгінгі іс - әрекеттің дәйек сөзі ретінде айтады. Қорытындылау.

Біз бүгін адамның өзінің туған жеріне, табиғатына сүйіспеншілік,

қамқорлық көрсету керектігін түсіндік.

- Күн мейірін шашса, жаңбыр жерге нәр береді. Ал құстар біздің досымыз

Олар бізге тамаша ән салып, көңілімізді көтереді, табиғатқа көрік береді.

Жеміс ағаштары, көкөністер Жер - Анадан өсіп өнеді екен. Барлығымыз

айнала қоршаған табиғатқа қамқор болып, оны күтіп, баптап, сүйіспеншілікпен қарауымыз керектігін білдік.

**Күні:**

**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент «Жасыл әлем»

**Тақырыбы:** т «Орман мекендеушілері.»

**Мақсаты:** Жабайы жануарлардың сыртқы түрімен тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту. Жанды табиғатқа қызығушылықтарын, бастамаларын, жауапкершіліктерін қалыптастыру. Көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту.

Жылулық шеңбері.

Қуанамын менде,

Қуанасын сенде,

Қуанайық достарым,

Арайлап атқан күнге

Қазір жылдың қай мезгілі?

Қыс мезгілінде неше ай бар?

Қыс мезгілінде қандай ерекшеліктер болады?

- Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын, мұқият тыңдап жауабын шешуге тырысамыз. Түлкі өте лас, оның ініне кіре берісте тамақ қалдықтары шашылып жатады. Түлкілер жұптасып өмір сүреді екен. Бірақта күн салқындағанда түлкілер жан - жаққа өз беттерімен тарап кетеді екен.

Келесі жұмбақты мұқият тыңдаймыз

1 Үстінен тоны түспеген,

Сонда да араз қыспенен /аю/

Аю да қояндар сияқты апаның ешкімге білдіртпеу үшін із жасырады екен.

Аю өте епті, ол жақсы жүзе алады және тез жүгіреді, ағашқа да өрмелеп шыға алады.

2. Сұрғылт тартқан түсі бар,

Ақсиган көп тісі бар,

Тыным таппай жүгіріп,

Сілекейі шұбырған,

ауыл маңын ториды /қасқыр/

Қасқыр күшті әрі шапшаң аң, оның ақылы мен айласы түлкіденде асып түседі. Олар жемтігін аулау үшін бірнеше сағат бойы жорта алады.

3. Жылқы тұмсық, Ешкі құйрық.

Есек құлақ, Түйе ерінді,

Төрт аяғы тең емес.

Бірі ұзын, бірі қысқа.

Қорқақ өзі, қыли көзі /қоян/

Қояндар сұр қояндар және ақ қояндар болып бөлінеді.

Қояндар көжектерін өзгеше тәрбиелейді. Олар жаңа туған әлсіз көжектерін жауынан қорғау үшін кез келген бұтаның арасына тастап кетеді.

- Балалар мен сендерге қандай аңдар туралы жұмбақ жасырдым? Бұлардың барлығын жабайы аңдар дейміз.

- Неліктен оларды жабайы аңдар дейміз?

Қыс мезгілінде орман, далалық жерлерде аңдар кезіп жүргенде олардың іздері қалады

**Дидактикалық ойын «Ізін тап»**

- Ал, бүгін біз осы жабайы аңдардың қысқы тіршілігі туралы әңгімелейтін боламыз

Аю - қыста апанында ұзақ ұйқыға кетеді. Аю жаз бен күз айларында шамадан тыс қоректеніп, денесіне май жинап алады. Қыста аюдың екі - үш қонжығы дүниеге келеді. Дүниеге келген кіп - кішкентай қонжықтарын анасы сүтімен асырайды.

Қасқыр - қасқырлар топтасып өмір сүреді. Бірігіп аң аулайды, бөлтіріктерін де бірігіп асырайды. Қасқырлар жазда жұп болып өмір сүреді ал жылдың суық мезгілінде топ болып жиналады, сөйтіп тек жабайы не үй жануарларына ғана емес, адам өмірі үшін де қауіп төндіреді. Олар қыста ұйқыға жатпайды.

Қоян - маусымға байланысты түсін өзгертіп отырады. Жазда қоңырқай түске енеді, ал қыста жылы, аппақ үлпілдек тон киеді. Оларды қыста ақ қардан ажырату қиын - ақ. Қояндар қысқа азық дайындамайды. Олар қыс мезгілінде ағаш қабығымен қоректенеді. Түлкі - түлкінің есту қабілеті ерекше жақсы дамыған. Қыста қар астынан тышқанның дыбысын ести салысымен, сол жерді қазып тышқанды ұстап алады. Түлкілер жұптасып өмір сүреді, күн салқындағанда өз беттерімен тарап кетеді екен. Қыста ағаш қуыстарында қыстайды. Тоңып қалмау үшін домаланып алып, үлпілдек құйрығымен тұмсығын бүркеп ұйықтайды. Сергіту сәті "Қыдырып қайтайық"

**Шығармашылық жұмыс**

- Балалар, қоянға оның сүйікті асы сәбізді сызығынан шығармай көлемді бояумен бояймыз.

- Қыстан жануарлар мен аңдар қалай қорғанады? - Адамдар оларға қандай көмек көрсете алады?

- Қандай жануарлар қысқа азық жинайды? - Ал қандай жануарлар азық жинамайды?

- Жануарлардың қысқы тіршілігі туралы не білдік?

1 ші мольбертке жабайы жануарлар қандай ертегілерде кездеседі?

2 ші мольбертке Жануарлардың қысқы тіршілігін бейнелеу.

**Күтілетін нәтиже:** Жабайы жануарларды танып біледі.

Жабайы жануарларды үй жануарларынан ажырата біледі.

## **Күні:**

**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент «Жасыл әлем»

**Тақырып:** «Су тіршілік көзі.»

**Мақсаты:** Балаларға су туралы түсінік беру және судың қажеттілігін, оның адамның, құстың, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі маңызы туралы түсіндіру. Судың табиғатта баға жетпес сый екенін айту, түсініктерін қалыптастырып дамыту. Судың қасиетін тәжірибе арқылы ұғындыру. Қоршаған ортаны қорғауға, суды ластамауға, суды үнемдей білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

- Балалар, біз қай жыл мезгілімен қоштасамыз? - Күз мезгілімен.
- Дұрыс айтасыздар!
- Күз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады? - Ал енді қай жыл мезгілі келе жатыр?
- Қыс мезгілі.
- Балалар, қалай ойлайсындар, күн, су, ауа керек па? - Ия, күн, су, ауа бізге керек. - Осының барлығын бір сөзбен айтқанда не дейміз? - Табиғат - Табиғат екіге бөлінеді: Өлі табиғат және тірі табиғат болып. - Қане бәріміз қайталайық. - Өлі табиғат және тірі табиғат.
- Өлі табиғатқа: су, ауа, жер күн, бұлт, құм, жаңбыр жатады. - Ал тірі табиғатқа: адамдар, құстар, өсімдіктер, гүлдер, жан - жануарлар, балықтар жатады.
- Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын. Сендер мұқият тындап, шешуін табындар!

**Жұмбақ**

Аспан түстес сұйық,

Әркім ішер құйып. (су).

- Көп тамшыдан су пайда болады. Су өмір бойы айналымда болады. Ол жаңбыр болып жерге түседі. Арық болып өзенді құрайды. Содан кейін қайтадан күн шуағымен бу болып аспанға көтеріліп, жер бетіне жаңбыр болып оралады.
- Жер бетінде су көп болса да, барлығы бірдей ішуге жарамды бола бермейді. Су тұщы және тұзды (ащы) болады. Біз ішу үшін тұщы суды пайдаланамыз. Су - тіршілік көзі. Оны тамаққа пайдаланамыз, шөлімізді басамыз. Сонымен қатар егін суарамыз, өрт сөндіреміз. Жан - жануарлар, балықтар, құстар да сусыз өмір сүре алмайды. Балалар, мына ғаламшарға қараңдаршы, жер бетінің көп бөлігін су алып жатыр. Суды ғаламшарда көк түспен белгілейді. Сондықтан ауыз су тапшы. Суға қоқысты тастауға болмайды, жазда суға түсуге барғанда, өзімізден кейін қалған нәрселердің барлығын жинап бірге алып кетуіміз керек. Суды бекерге төкпей үнемдей білуіміз керек.

Дана халқымыз "Суды бекерге төкпе", "Судың да сұрауы бар" деп айтатыны сондықтан.

**Сергіту жаттығуы:**

- Олай болса судың қасиеттерімен танысайық, суға тәжірибе жасайық.

Тәжірибе жасау

1. "Су - мөлдір"

Ортаға екі бала шығып су мен сүтке тәжірибе жасайды.

Стаканға таза су және сүт құйып салыстырады. Екі ыдысқа қасық салып, қайсысы

көрінетінін, қайсысы көрінбейтінін бақылайды.

2. "Суда дәм жоқ" Балалар түтікше арқылы су ішіп дәмін көреді. Оны салыстыру үшін алма

шырынын ішіп көреді.

Суға қант және тұз қосып дәмін татады.

3. "Су - түссіз"

Стакандағы суға әртүрлі субояу қосып, одан түс пайда болғанын бақылау.

4. "Судың иісі жоқ"

Балалардың алдына екі стакан қойылады. Оның біреуінде су, екіншісінде ванилин қосылған су құйылған. Яғни: "Судың иісі жоқ"

5. "Судың күйі". Мұздың қатты су екендігін бақылау үшін, тоңазытқыштағы қатқан мұзға бақылау жүргізеді.

6. "Тұрақты пішіні болмайды" Суды тәрелкеге құйып, судың пішінінің өзгеруін бақылау.

- Балалар, біздер судың әртүрлі қасиеттері бар екендігіне көз жеткіздік.

Сонымен қайталап айтайық, судың қандай қасиеттері бар?

Балалардың жауаптары тыңдалады. Қимылды - қозғалыс ойыны: "Жел мен жаңбыр" деген ойынды ойнайық. Ойын шарты: Мен сендерге жел дегенде сендер жүгіресіңдер, ал жаңбыр дегенде қолшатырдың астына тығыласыңдар жақсы ма? Қорытындылау:

- Су қандай табиғатқа жатады?

- Өлі

- Адамдарға су не үшін керек?

- ішеміз, жуынамыз, ас әзірлейміз, кір жуамыз.

**Күтілетін нәтиже:** Суды үнемдеуді, суды ластамауды;

Саусақ арқылы сурет салуды, судың ащы және тұщы болатынын, тұщы суды қайда пайдаланатынын, судың қасиеттерін тәжірибе жасау арқылы біледі;

Сусыз тіршілік болмайтынын түсінеді.

**Күні:**

**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент «Жасыл әлем»

**Тақырыбы:** «Сәлем алтын күз»

**Мақсаты:** Күз мезгілі туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Көкөністер туралы түсініктерін кеңейту. Көкөністер мен жемістерді ажыратуға, үйрету. Зерттеу жүргізу, іздестіру әрекеттерін орындау қызығушылығына тәрбиелеу.



Адам еңбегін бағалауға, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбие Жыл мезгілдерінің ауысу, ерешеліктерімен танысу. Жыл мезгілдеріне деген қызығушылығын арттыру.

Тәрбиеші балалармен амандасып, бір - бірлеріне деген жылы лебіздерін берулерін өтінеді. Балалар мұқият тындап. Бір - біріне ризашылықтарын білдіреді.

- Қонаққа бізге бүгін қуыршақ Гаухар келді. Амандасамыз. Гаухардың қолында не бар? - Себет

-Дұрыс. Ал себеттің ішінде не бар екен қарайық. Бұл не?

- Жапырақтар, тамшы, бұлт.

«Күзгі жапырақтар» өлеңін оқу

Алтын, сары, қызыл, көк...

Алуан - алуан жапырақ

Күзгі бақта күлімдеп.

Көз тартады атырап.

(Қ. Шаңғытбаев)

Балалар сөздерді мәнерлеп

- Жылдың қай мезгілі туралы айтылған?

дауыстап, хормен қайталайды,

- Күз (сұрақтарға жауап береді). Күз мезгілі туралы айтылған.

Дұрыс балалар, қазір - күз мезгілі.

Күз мезгілі - ол байлық, молшылық. Күзде адамдар да, аңдар жануарлар да қысқа дайындалады. -

Күз мезгілінде қандай табиғи құбылыстар болады?

- Бұлтты, жауын шашын - жауады.

да, жан -

- Ауа райы қандай болады?

- Күн суытады, жапырақтар жерге түседі.

- Жапырақтар қандай түсті болады?

- Қызыл, сары. - Балалар қалай киінеді?

- Балалар жылы киінеді.

- Құстар не істейді?

- Құстар жылы жаққа ұшып кетеді

Сергіту сәті

Күн шықты,

Аспанды бұлт басты,

Жел соқты

Жаңбыр жауды,

Найзағай сарт - сұрт етті

Біз тығылып қалдық.

Балалар сергіту сәтін жақсы орындайды.

Сұрақ - жауап:

- Күз мезгілі бізге қандай сый береді?

- Адамдар азық жинайды
- Балалар жемістерге не жатады?
- Алма, алмұрт, шие, жүзім.
- Көкөністерге не жатады?
- Қияр, сәбіз, қызанақ, қырыққабат.

Мақал - мәтел

1. Күздің бір күні - қыстың бір айын асырайды.
2. Күзде аянбай еңбек етсең, айтпаған.

қыста қысылмайсың - деп бекер

- Қане, балалар, орманда жүретін аңдар бар, олар немен қоректенеді, нені жақсы көреді?

Ойынның аты: «Ойлан тап».

Ойынның шарты берілген аңдардың азығын табу.

Балалар ойынға қызыға қатысады.

Сұрақ жауап арқылы жыл мезгілдерінің ауысуына тоқтала кету. Жыл мезгілін айтып дұрыс бұрысын тексеру үшін, әр бала жыл мезгілдеріне сай киінеді.

Киінген балалардың қай жыл мезгіліне сай киінгендерін балалар таба білу керек.

Рефлексивтік түзету:

Сұрақ - жауап әдісі арқылы балалардың іс - әрекетін қорытындылайды, мадақтайды. Балалар сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже: Табиғи өзгерістерді

Күз туралы түсінігін молайту.

Жыл мезгілдерінің ауысуын есте сақтау.

**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент «Жасыл әлем»

**Тақырыбы:** «Су асты патшалығына»

**Мақсаты:** Судың қандай болатынымен, балаларға балық, су асты тіршілігі туралы түсінік беру, ойлауға, есте сақтауға үйрету. Тәжірибелік жұмыс барысында бақылау, зерттеу. Дәстүрден тыс бейнелеу әдісін қолдана отырып, ұсақ қол моторикасын жаттықтыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

**Шаттық шеңбер:**

Дөңгеленіп тұрайық,

Шеңберді біз құрайық.

Қол ұстасып бәріміз

Актілекті жолдайық!

- Әлемде нұр тыныштық,

Әрбір бейбіт күн ыстық.

Қайырлы таң қонақтар,  
Қайырлы күн достарым!

Сендерді «Су асты патшалығына» шақырамын. Және де, мен өзіммен бірге сиқырлы сандықты әкелдім, бүгін не туралы білгілерің келсе, жұмбақтың шешімінен біле аласыңдар.

1. Суда өседі, өнеді, сыртқа шықса өледі.

2. Жылт - жылт еткен, жылғадан өткен.

Ол – балық.

Ол – су.

Ұйымдастырушылық ізденіс кезеңі - Жарайсыңдар, сонымен біздің бүгінгі тақырыбымыз «Су асты патшалығына саяхат».

- Ендеше, кемеізге отырып, әндетіп жетейік.

Ән: «Біз бақытты баламыз»

- Балалар, сендер басқа таңғажайып ортада болғыларың келе ме?

Қане, бәріміз көзімізді жұмайық.

Біз қай жерге келдік?

-Су асты патшалығына келдік. Жәй әуенмен балалар көздерін ашады.

Көптеген балықтар бар.Шортан, сазан, шабақтар.....

Балықтың денесі, құйрығы, жүзбе қанаттары, көзі, аузы бар.

Жайық өзені.Көп түрлі балықтар бар. балдырлармен, су асты шөптерімен, ұсақ жәндіктерімен қоректенеді. Ұсақ балықтар топтасып жүзеді.

Жер бетіндегі ең көп тараған зат - су. Балалар, біз күнделікті өмірде суды көп пайдаланамыз. Біз суды ішеміз, судың көмегімен гүлдер, ағаштар жайқалып өседі, күнделікті тамақтарымызға да су қосамыз. Сусыз өмір болмайды.

Сонымен қатар, өрт сөндіруге пайдаланамыз.

- Су кімге және не үшін қажет?

- Егер су болмаса не болушы еді?

Су – тіршілік негізі. Жәй әуенмен балалар көздерін ашады.

Су асты әлеміне келгендерін айтады.

- Су адамға және жануарларға, өсімдіктерге керек.

Егер су болмаса бәрі өледі.

**Сергіту сәті:**

Сылдыр, сылдыр су,

Сылдыр суға бетінді жу.

Жуынсаң сен әрдайым,

Аппақ бетің, мандайың

- Балалар, бүгін біз су астындағы тіршілікті әртүрлі қажетсіз материалдарды пайдаланып бейнелеп көрейік.

Сендер білесіңдер теңіз өте терең болады, оның ең астында әр түрлі ұсақ тастар болады. Олар әр түрлі көлемде болады (дөңгелек, сопақша, үлкен, кішкентай)

Содан кейін су астында өсетін шөптер, балдырлар болады. Олар да ұзын, қысқа, ирек, түзу болып келеді.

Келесі кезекте осы шөптер арасында жүрген балықтарды орналастырамыз.

(жұмыс барысында балалар сұрақтарға жауап береді)

- Балықтар туралы не білеміз?

Қандай балық түрлерін білесіңдер?

Балықтың құрылысы қандай?

Бағалау: «Ең әдемі балық»

**Д/ойын: «Жаңбыр,күн»**

Балалар бір біріне көмектесіп ұжымдық жұмыс жасайды.

Жаман: мұздай суды ішсең аурып қаласың, ыссы суға күйіп қаласың, суға тайып құласаң жарақаттанасың, батып кетесің, су тасқыны болады, үйлерді құлатады...

- Балалар, сендер білесіңдер су астында нелер тіршілік етеді екен?

Балық өнімдері көзге пайдалы. Миды жетілдіреді.

Жүректің жұмысын жақсартады. Тұмау және жұқпалы аурулардан қорғайды.

Қан көбейтеді.

Суға дәрет сындырма,

Кір суды баспа.

**Күтілетін нәтиже:** Судағы тіршілік иелерімен танысты. судың үнемді пайдаланудың ережелерін, су жайында тыйым сөздерді, су асты тіршілігі туралы, дәстүрден тыс әдістерді қолдануды, судың адам өміріндегі маңызын, оны қорғауды, су асты тіршілігін, судың қасиеттерін, балық,табиғаттың су астындағы сұлулығын, қажетсіз материалдарды қажетіне қарай пайдалануды

**Күні:**

**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент «Жасыл әлем»

**Тақырыбы:** «Күн жерге жарық береді»

**Мақсаты:**Жер бетінде тіршілік болуы үшін, күннің қажеттігін түсіндіру.

Қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу. Қабілеттерін қалыптастыру.

Балаларды жылдың кез келген мезгілінде табиғаттың сұлулығын көре білуге тәрбиелеу.Сомен қатар күннің тікелей сәулесінен сақ болуын,қауіпсіздік ережесін сақтау керектігін түсіндіру.

**Тәрбиеші:** Күн жерге жарық береді, бәрін жылытады. Оның «қайырымды ісі» көп: жерді жылыту, жарық беру, адамдар мен жан-жануарларды ояту..

Балалардың білімін нығайту. Күннің белгілерін атап берулерін сұрайды.

Бүгін ауа райы қандай болып тұрғанын анықтайды.

Топтың іші жап-жарық болып тұр. Оның себебі не?

Күн бәрімізден бұрын тұрады, бұлттағы сумен жуынып, аспанға көтеріледі және «қайырымды істерін» істеуге кіріседі. Ал сендер оның қандай «қайырымды істермен» айналысатынын білесіңдерме?

Бірақ, балалар, кейде күн аспанға көп шықпай, бізге жарық бермейді. Ол қай кезде болады деп ойлайсыңдар?

Балаларды алдағы суретке қарап ,күн қай жаққа барып

«Ұйықтайтынына» ойланып жауап береді. Балаларды күннің қоршаған ортаға әсерін талқылауға шақырады. Күннің қайда тұратынын, оның неге ұқсайтынын айтады. Алақандарын терезенің қасына апарады. Бірақ ол жаздағыдай жылытпайды. Түн мен күн жарқырап шығып тұрған күндізгі уақыттың суреттерін салыстырады. Күлімдеген күнге Күн тірі жан иелерінің бәріне жылу мен жарық береді. Ол бізді жылы әрі жары жылу мен жарық береді. Ол бізді жылы әрі жарық сәулесімен қуантады, көңіл күйімізді көтереді. Елестетіп көрейікші: егер күн болмаса біз не істер едік? Жер беті қараңғы, салқын болар еді. Тіршілік иесінің бәрі жоғалып кетер еді. Ендеше бізге жарық пен жылу сыйлайтын күннің болғаны қандай тамаша!

#### **«Дәл сондайын тап» дидактикалық ойын**

Күн сәулесімен қуантады, көңіл күйімізді көтереді. Күннің түсімен түстес заттарды атайды. Күннің пішініне ұқсас заттарды атайды.

Бойсергіту:

Күн шығыстан жарқырап шықты,  
(қолдарын жоғары көтереді, созады)

Күн батысқа батты.

(Тізесін бүгіп отырып, қолдарын төмен түсіреді).

Тамаша, тамаша,

Күн жайнады жаңаша.

Бәрімізгекөңілді

Бұл өмір тамаша!

(Қол соғады. жымыяды).

Топ ішінде қандай заттардың қатты жылынғанын анықтайды. Терезе, терезе алдындағы тақтай, ойыншықтар немесе жиһаз. Неге бөлменің түпкі жағында тұрған заттар салқын болып тұр? Өйткені оларға күн сәулесі түспеген.

Күн түсіп тұрғанда адамдар мен заттардың көлеңкесін көруге болады.

«Күн шұғыласы» ойынын ұйымдастыру.

Айнаны пайдаланып, қабырғаға күн шұғыласын түсіреді.

Балаларды шұғыланы ұстауға шақырады.

Тәрбеші :Суреттегі көрініс туралы сұрау. Жаз мезгіліндегі күннің көзінен

сақтану .Басымызға кепка, қалпақ киіп ,күн көзінен сақтануды

түсіндіру. Сақтық шараларын түсіндіру. күннің жердегі тіршілік үшін

маңызды екенін, сомен қатар күннің тікелей сәулесінен сақ болуын, қауіпсіздік ережесін сақтау керектігін түсінді.

**Күтілетін нәтиже:**

Жансыз табиғат нысандарының атауларын күн мен түнді түсінді. Қарапайым тәжірибелік-зерттеуді қолданады.

**Күні:**

**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент «Жасыл әлем»

**Тақырыбы:** « Жел ,бәрінен күштісің!»

**Мақсаты:** Балалардың «Жел, бәрінен күштісің » тақырыбында білімдерін тереңдету, қоршаған орта жайлы танымдық әрекетін шындау. Балалардың ақыл - ойын, түсінігін, білімін, табиғат туралы білімін, қызығушылығын зейінін дамыту. Балаларды адамгершілікке, өз ойын толық жеткізе білуге, табиғатты аялай білуге, табиғат байлығын қорғауға, қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

### «Жылулық шеңберін» .

Әдепті елдің баласы.

Иіліп сәлем береді,

Айдай арайлап,

Күндей жайнап.

Жұлдыздай жарқырайық. Шеңберде тұрады. Бірге қосылып айтады.

Балалар терезеден далаға қараңдаршы?

- Қай жылдың мезгілі? .

-Балалар:

-Күз мезгілі.

- Қазір қай ай?

-Балалар :

-Қыркүйек айы.

-Дұрыс балалар, осы бізді қоршаған не?

- Табиғат деген не?

- Дұрыс табиғат бізді қоршаған орта. Балалар, бүгін біз осы табиғат туралы әңгімелейміз. Табиғат екіге бөлінеді . Өлі табиғат және тірі табиғат. Өлі табиғатқа тау, тас, топырақ, бұлт, су жатады. Тірі табиғатқа адамдар, жан - жануарлар, ағаштар, гүлдер жатады. Ауа . Жел .Желдің пайда болуы төмендегі себептерге байланысты екендігін түсіндіру. Ауа қысымы. Ауа температурасы.

**Табиғат туралы мақал - мәтелдер:** Таза болса табиғат, Аман болар адамзат.

Желдің маңызы өте зор. Ерте кезде дамдар желдің күшін пайдаланып, желкенді кемелермен саяхатқа шыққан. Жел – сарқылмайтын қуат көзі. Желдің күшін жел диірмендерге пайдаланған. Жел су айналымына қатысады. Желдің зиянды әрекеті де бар. Құрлықта және теңіздер мен мұхиттардағы дауылдар апат әкеледі. Су деңгейі көтеріліп, су тасқыны болады. Жел топырақтың құнарлы бөлігін ұшырып, тоздырады. Электр желілерін үзіп, ағаштарды құлатады.

**Ойын – ойнау.** «Құм, тас, су. Басы «құм»дегенде әр жерде шашыраңқы болып отыру. «Тас»дегенде өз қолымен мүсін жасап тұра қалу, «су» дегенде толқын жасау қолмен.

Жел қайда соғады? Балалар алақандарын жайып, желдің қай жақтан соққанын анықтайды.

Кемелерді суға легенге салып, қоғалыстарын бақылайық.

Сендер не көріп тұрсындар? Не себепті олар қозғалып жүр?

Балалар кемелінің қозғалғанын айтады. Өйткені жел соғып тұр, жел қатайған сайын кемелінің жылдамдығы да шапшаңдады. Кемеде шапшаң қимылдады. Желдің күші қандай болса, кеме жылдамдығы сондай болады. Кәне оларға қарай үрлейік.

**Күткен нәтиже:**

Желдің күшімен қозғалысын анықтауды. Жел кемелер қозғалысына көмектесетінін. Зерттеуді, сараптауды, қорытынды жасауды.

**Күні:**

**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент «Жасыл әлем»

**Тақырыбы:** «Өрмектегі өрмекші.»

**Мақсаты:** Жәндіктермен таныстыруды жалғастыру және улы емес өрмекшінің өрмегін бақылау. Бұл – өрмекшінің құрған торы және өрмекшінің өзі. .

Өрмекшінің тордан басқа да күшті қаруы бар, ол оның – мықты жақтары. Өрмекшілер мен өрмекші тәрізділер Жер шарының барлық түкпір-түкпіріне таралған. Күн қақтаған шөл далалар мен биік таулардан да кездестіруге болады. Олардың бәрі де насекомдармен, әсіресе зиянды насекомдармен қоректенеді. Соларды құрту арқылы адамға пайда келтіреді.

Балалар бұл өрмекшілерді қолымен ұстауға болмайды, өрмекшінің ұстауға болмайтын улысында болады, жай ғана бақылауға болады. Өрмекшілерді бақылап аяқтарының ұзын болатынын айтты.

**Қимылды ойын:** Өрмекшілерге қарап қимылдарын салады.

Атасы он жасар ұл баласымен далада келе жатып, баласынан сұрады:

Анау өрмекшіні көремісің, не істеп жүр?

Көремін, өрмек тоқып жүр.

Анау құмырсқаны көремісің?

Көремін, аузында бір нанның талшығы бар, жүгіріп кетіп барады.

Жоғары қара, аспанда не көрінеді?

Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында кесе тістеген шөбі бар.

Сонда атасы айтты:

Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған әбірет<sup>[1]</sup> Өрмекші маса, шыбынға тұзақ құрып жүр, ұстап алған соң, өзіне азық етуге. Құмырсқа балашағаларына тамақ аулап, бір нанның уалшығын тапқан соң өзі жемей, аузына тістеп, қуанғаннан үйіне жүгіріп қайтып барады.

**Күні:**

**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент «Жасыл әлем»

**Тақырыбы:** «Жыл құстары»

**Мақсаты:** балаларға құстар туралы білім беру, білген білімдерін жетілдіре түсу. Құстардың адам өміріндегі пайдасы туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың тілдік қорын жетілдіру. камқорлықпен қарауға баулау. Адамгершілікке тәрбиелеу.

**Шаттық шеңбер:**

Күлімде, күн күлімде,  
Жер жасарып көгерсін.  
Кешегідей бүгін де,  
Қанат қақсын көгершін

Балалардан қазір қай мезгіл екенін, қай ай екенін сұрау.

-Айналамызда қандай өзгеріс байқадыңдар?

**(құстардың дауысы естіледі)**

Балалар, бұл ненің дыбысы болды екен? Ия, құстардың дыбысы әр түрлі болады екен. Олар түрлеріне қарай әр түрлі сайрайды.

Мен сендерге осы құстардың сайрауы туралы бір әңгіме айтып берейін.

Сендер жақсылап тыңдаңдар.

Әке құстар ана құстарға ән айтып береді екен. Құстардың да ата-аналары болады. Қауіп төнген кезде аналары шырылдап балапандарына ескертеді екен. Ал балапандары өздерінің тамақ жегісі келетінін шикылдап аналарына білдіреді. Құстар құрт-құмырсқаға таласқанда айқайлап, шулап кетеді. Басқа дыбыстарды естіген құстар топталып жиналып, жат құстарды өздеріне тиіскізбей қуады. Міне, балалар құстардың осындай

- Балалар, бұл ненің дыбысы болды екен? Ия, құстардың дыбысы әр түрлі болады екен. Олар түрлеріне қарай әр түрлі сайрайды.

Мен сендерге осы құстардың сайрауы туралы бір әңгіме айтып берейін.

Сендер жақсылап тыңдаңдар.

Құстардың да ата-аналары болады. Қауіп төнген кезде аналары шырылдап балапандарына ескертеді екен.

Ал балапандары өздерінің тамақ жегісі келетінін шикылдап аналарына білдіреді. Құстар құрт-құмырсқаға таласқанда айқайлап, шулап кетеді. Басқа дыбыстарды естіген құстар топталып жиналып, жат құстарды өздеріне тиіскізбей қуады. Міне, балалар құстардың осындай қасиеттері бар екен.

Тәрбиеші: Балалар, осы құстарға саяхат жасап қайтайық. Қандай көлік түрімен барамыз? Не көріп тұрсыңдар? Ұшақ (*ұшқыш (Арыстан)*). Құстар әлеміне саяхатқа ұшуға дайынбыз ба?

**Бірінші қону алаңы «Үй құстары»** (әтеш, тауық, қаз, балапандар, күркетауық).

Тәрбиеші: бұл құстар үйде мекендейді.

**2. «Дала құстары»** (қарлығаш, торғай, қарға, сауысқан, дуадақ,).



Тәрбиеші:құстардың ішіндегі адамға ең жақыны – Қарлығаш.  
Олар жемін ұшып жүріп аулайды. Тіпті суды да қалқып жүріп ішеді.  
Қарлығаш ұясын үйдің шатырына салады.

3. «**Орман құстары**» (тоқылдақ, жапалақ, қырғи, тұрымтай, құр, қаратөс торғай)

Тәрбиеші:Тоқылдақ орман дәрігері

4. «**Өзен-көл құстары**» (жабайы үйрек, жабайы қаз, аққу, қоқиқаз, қызғылт бірқазан).

5. «**Тау құстары**»(қыран, дала қыраны, бүркіт, лашын). бүркіт құс патшасы  
Тәрбиеші : осы құстар тауда мекендейді.

Балаларға осы құстар туралы түсіндіріп, қысқаша мағұлмат беремін.

Саяхаттан оралып,балалар орындарына отырады.

Қазақстанның тауында қыран құстың бейнесі бейнеленген.

Құстардың бір бөлігі күзде ұшып кетпейді, сол жерде қыстап қалады.

Оларды қыстап қалатын құстар деп айтады.

Қыстап қалатын құстар:торғай, көгершін, қарға, көкшымшық, тоқылдақ ,т.б.  
жатады.

**Серіту сәті.**

Қарға біздің қар, қар,

Сауысқаным саңқ, саңқ.

Торғайларым шиқ, шиқ

Жапалағым ух, ух.

Көкек көкек, көкек деп,

Ұшады екен желпілдеп.

**Күтілетін нәтиже:** Құстар туралы білген білімдерін жетілдіре түсті.

Құстардың адам өміріндегі пайдасы туралы білді. Құстар қамқорлықпен керектігін түсінді..

**Күні:**

**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент «Жасыл әлем»

**Тақырыбы:** «Қызыл ,сары жапырақ,түсіп жатыр сыбдырлап.»

**Мақсаты:**Балабақша ауласындағы жапырақты бақылау .Күз мезгілінде неге сарғаятындығы туралы түсіндіру.Алақан арқылы жапырақтың бейнесін салуды үйрету.Баланың жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту.Негізгі түстер туралы білімдерін бекіту.

**Шаттық шеңбер:**

Қуанамын мен де, Қуанасың сен де.

Қуанамыз бәріміз, Арайлап атқан күнге!

- Балалар мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр.

Жиын - терім болатын, Қамбаға астық толатын

Қызыл қырман ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың?

- Балалар мына ағашқа қараңдаршы жапырағының түсі қандай? Дұрыс айтасындар. Күз мезгілінде күн қысқарып күн сәулесі аз түсетін болғандықтан, жапырақтар сарғайып жерге түседі. Балабақша ауласында да бақылау жасадық, жапырақтар жинадық.

**Тосын сәт.** Жұмбақ дауыс естіледі. - Балалар мен жай ағаш емеспін, сиқырлы ағашпын. Мен Күз ханшайымының бақшасында өсетін ағашпын. Менің жапырақтарымда тапсырмалар жазылған.

Күз мезгілінің айларын атаңдар. Ия - Қыркүйек, Қазан, Қараша.

Күз мезгілінің ерекшеліктері қандай? Күн суытады. Жаңбыр жауады. Жапырақтар сарғайып жерге түседі. Жел соқты, жел соқты, Ағаштар желмен шайқалады. Жел соқты, жел соқты Жапырақтар түскені байқалады. . салу және қандай түс жапырақ екенін айту.

Жас теректі көңілдендіріп қайтару. Жапырақтың шетін қарастырады Жапырақтың ұшы үшкір **Дидактикалық ойын:** «Жапырақтың түсін тап». Шарты: Түсіне сәйкес жапырақтарды жинап немесе домалақ болады Түстерін айтады.

**Сергіту сәті.**

Жел соқты – у-у-у. Боран соқты-ду-ду-ду.

Қатты-қатты жел соқты-гу-гу-гу. Жапырақтар қол соқты-ду-ду-ду.

**Ойын:** «Күзгі ағашты құрастырамыз». «Дамытушы» орталығында балалар васкобович кілемшесі арқылы күзгі көріністі құрастырады.

- Тәрбиеші: -Балалар бүгін күз мезгілі, жапырақтар жайлы әңгімелестік. Жапырақ жинау ойынын ойнадық. Жапырақтардың суретін салып, дәстүрден тыс сурет салу әдісі «мақта таяқшаларымен бояу». Берілген кескіндерді мақта таяқшаларымен бояуға батырып, нүктелеу әдісімен жапырақтардың суретін бояу. Қауіпсіздік ережелерімен таныстырып өтеді. Балалардың жұмысын сиқырлы ағашқа жапсыру.

**Күтілетін нәтиже:** үлгіге қарап, бастыру әдісімен күзгі жапырақтардың суретін салады. Күзде жапырақтардың түсінің өзгеретінін. Ұқыпты жұмыс істей білу дағдыларын.

**Күні:**

**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент «Жасыл әлем»

**Тақырыбы:** «Алуан гүлдер.»

**Мақсаты:** Балаларға ауладағы өсіп тұрған гүлдермен таныстырып, олардың бір-бірінен ерекшеліктерін айтып түсіндіру.

**Шаттық шеңбер:**

Салем аспан, салем жер.

Салем балабақшам, салем мен.

Балалар шеңбер бойымен тұрып өлең жолдарын қайталайды.

-Балалар, біздер күн сайын таңертең тұрып қайда келеміз? --

Дұрыс айтасындар, бақшамызға келеміз.

Онда біз кімдерді көреміз, сендерді кім қарсы алады? Дұрыс, балалар.

Балалар мен сендермен балабақшамыздың ауласындағы өсімдіктері туралы әңгімелейік.

Балабақшамыздың ауласында не өседі?

Дұрыс айтасындар. Балабақшамызда гүлдер, ағаштар, өседі.

Қандай гүлдер өседі екен?

Балабақшамыздың ауласында раушан гүлі, петунья, түймедақ.

Гүлдермен таныстық.

Енді балалар балабақша ауласындағы ағаштармен танысайық?

Бәріміз бірге айтайық.

Шырша, қарағай, таңқурай ағаштары өседі. Балалар балабақша ауласы сендерге ұнай ма?

**Сергіту сәті :**

Орнымыздан тұрайық.

Қолымызды созайық.

Оңға қарай иіліп .

Солға қарай иіліп ,

Белімізді жазайық .

Отырайық, тұрайық.

Біз тынығып алайық.

Д/о: «Әдемі гүлдер». Тәрбиеші белгі берген кезде әр бала өзі қалаған гүлдің жанына жасырынып қалады. Ойын бастаушы кімді тауып алса сол өзі жасырынған гүлді сипаттап береді.

**Күтілетін нәтиже:**

Балабақша екінші үйлері екенін. Балабақша ауласының әсемдігін. Балабақшаның ауласындағы өсімдіктерді күтуді.

**Күні:**

**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент «Жасыл әлем»

**Тақырыбы:** «Жаңбыр»

**Мақсаты:** Жаңбырдың жаууын саусақпен сурет салу тәсілі арқылы бейнелеуге үйрету. Күз мезгіліне тән құбылысқа қызығушылығын арттыра отырып, табиғатты аялауға тәрбиелеу. Есте сақтау қабілетін, сөздік қоры мен ұсақ қол моторикасын дамыту. Кітаптар мен көрнекі иллюстрациялық жабдықтардан жаңбыр бейнесін көріп тамашалау. Жаңбыр жайлы әңгіме, дыбыс, музыкалық шығармалардан тыңдау.

**Тосын сәт** «Жаңбыр дыбысы» видео көрсету. Саусақ, қол жаттығуы. Өлең. Көрнекті құралдар: Сурет құрал - жабдықтары су бояулар., қылқалам, Суреттер «Жаңбырлы күн», дыбыстық сурет слайды, қолшатыр. Үлгі«жаңбыр» суреті. «Бұлт» бейнеленген альбом парақтары.

**Қ/О «Күн мен жаңбыр».**

**Мақсаты.** Балалардың көріп, естіп қабылдауын жетілдіре отырып, жылдамдыққа, жүгіруге және ереже бойынша ойнауға үйрету. Балалардың іс - әрекетке ынтасын арттыру. Балалар «Күн шықты!»- деген сөзге серуендеп, «Жаңбыр жауды! – деген сөзге қол шатыр астына жиналуы керек - Балалар қазір жылдың қандай мезгілі?

- Күз мезгілінің ерекшеліктері .Жаңбыр жауады.Құстар жылы жаққа ұшады.

Тәрбиеші: Балалар мен сендерге қазір өлең оқимын, сендер тыңдаңдар.

«Жаңбыр» - Тырс! Тырс!

Жаңбыр кеп жауады,

Терезе қағады. - Тырс! Тырс!

Жылғалар ағады, Сылдырап әуенге салады.

- Балалар бұл тақпақта не туралы айтылды? Жаңбыр қайда жауды? - Кім жаңбырдың астында жүріп көрді? - Балалар, қазір сендермен жаңбыр туралы суреттер қарайық. «Жаңбыр дыбысы» видео ролик. Балалар жаңбыр суреті мен дыбысын тыңдап болғасын тәрбиеші былай деп сұрақ қояды. - Балалар, біз жаңбырды немізбен көрдік? - Жаңбыр дыбысын немізбен естідік? Саусақ қол жаттығулары: «Жаңбыр жауды» Жаңбыр қалай жауды. Алдымен жәй жауды. Саусақ ұшымен үстел үстін соғып тырсылдатады. Содан кейін қатты жаңбыр жауды. Үстелді қаттырақ соғады.

Тәрбиеші: Балалар барлығың мына суретке қараңдаршы.

- Нені көріп тұрсыңдар?

- Бұлттан не жауып тұр?

- Көк түсті бояуды көрсетіп . Жаңбыр терезеге, жерге, ағашқа жауды.

- Көзімізбен көрдік.

- Құлағымызбен естідік. Балалардың алған әсері жайлы сөздерін тыңдау.

Үстелді саусақ ұшымен соғу - Бұлтты көріп тұрмыз.Пішіні қандай.

Тәрбиеші: - Балалар біз бүгін жаңбырдың суретін саусақты және бояуды қолданып саламыз. Тәрбиеші көк түсті бояумен қалай жұмыс жасау

керектігін түсіндіріп, көрсетеді. Ол үшін саусақты суға малып, көк түсті бояуды сумен езіп, парақ бетіне бастырамыз. Тәрбиеші жаңбыр тамшысы суретін саусақпен салғанда: - Тырс! Тырс! – деген сөзбен қоштап отырып, сурет салады. Балалар жұмыс жасар алдында саусақты бояуға салмай тұрып, ауада жаттығып көреді. Тәрбиеші балалар жұмысын қадағалап, мадақтап жұмыстарына, көмек береді. жаңбыр дыбысын қосып айтқан баланы мадақтайды. Тілдік қимылды ойын ойнатады. - Жаңбыр жауады. Тырс! - Жаңбыр жауады. Тырс! Тырс! - Жаңбыр көп жауады. Тырс! Тырс! Тырс! Тырс! Тырс! бір орында тұрып, секіреді/ Тәрбиешінің көрсетіп жатқан саусақпен сурет салу тәсіліне назар аударып, отырады. Балалар жұмыс жасар алдында саусақты бояуға салмай тұрып, ауада көрсетеді. Балалардың жеке жұмысы. тәрбиеші әр балаға жекелей көмек көрсетеді, сұрақ қойып балаларға көмек беред - Тырс! алақанды бір рет соғады/ - Тырс!, Тырс! алақанды екі соғады Тырс! Тырс! Тырс! Тырс! Тырс! бір орында секіреді. Тәрбиеші:- Балалар біз қандай іс - әрекетпен айналыстық? - Ненің суретін салдық? - Жаңбырдың, пішіні, қандай? - Жаңбырдың дыбысы қандай? Қандай тәсілмен салдық? Сурет іс әрекетімен - Жаңбыр тамшысының суретін салдық. - Түсі көк. пішіні сопақша. - Тырс! Тырс! етеді - саусақпен салдық Балалар салған суреттерін тақтаға қойылып, балалар назарына ұсынылады. Жақсы орындаған суреттерді мадақтап, марапаттайды.

Күтілетін нәтиже: Жыл мезгіліндегі күздің басты ерекшеліктерін. Жаңбырды бейнелеудегі бояу түсін, дыбысын, пішінін, бейнелеу тәсілін біледі.Мезгілдің басты ерекшеліктерін бейнелеу жайлы түсінді.

Күні:

**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент «Жасыл әлем»

**Тақырыбы:** Топырақтың түрлері

**Мақсаты:**Балаларға топырақтың ерекшелігі және оның құрамымен таныстыру. Топырақтың түрлерін ажырата білуге үйрету. Өсімдіктер тіршілігіндегі рөлін түсіндіру. Топырақ түсінің және сапасының қарашірікке байланысты екендігін әңгімелеу. Тәжірибе жұмысын жүргізу арқылы жан-жақты ойлау қабілетін дамыта отырып біліктілігін, дағдыларын арттыру. .

**Шаттық шеңбер:**

Күніміз ашық,  
Түніміз тыныш.  
Ауамыз таза,  
Топырағымыз құнарлы болсын.  
Өзіміз аман болайық.

ә) Жердің өсімдік өсетін беткі құнарлы қабатын топырақ деп атаймыз. Жер бедері бірнеше қабаттан тұрады.

Суреттегі топырақтың қиындысынан біз оның әр қабатындағы өзгерістерді байқауымызға болады.

1) Беткі қабатының түсі қоңыр, оған қураған жапырақ, ағаштың ұсақ қалдықтары араласқан.

2) Беткі шымды қабатын мұқият қара. Оны өсімдік тамырлары айқыш – ұйқыш шырмап жатқанын көресің. Құнарлы топырақта қарашірік қалай пайда болады? Қарашірік қалай пайда болатынын мына сурет арқылы көз жеткізейік. Өсімдік тамыры арқылы қоректік заттарды бойына сіңіреді. Күн көзінің жылуы мен ауадағы көмірқышқылы газын сіңіріп өсіп жетіледі. Өсімдіктер мен жануарлар қоректенеді. құнарлы қарашірік топыраққа айналады.

«Қарашірік» – топыраққа қоңыр түс беретін өсімдіктер мен жәндіктердің қалдығын айтамыз.

Қарашірік – тыңайтқыш. Өсімдіктің өсуі топырақтың болуынан.

- Сондықтан, жердің өсімдік өсетін беткі құнарлы қабатын топырақ дейміз.

- Беткі қабаты қара, қоңыр екені байқалады.

- Топырақтың қандай түрлері бар?

- Топырақтың түрлері: Сары, қоңыр, қара болып бөлінеді. "Топырақтың құрамында не болады?"

Топырақты ақ қағаздың бетіне салып, анықтап қара.

- Өсімдіктің ұсақ қалдықтары, шіріген жәндіктің қалдықтары байқалады.

Одан әрі анықтай түсу үшін тәжірибе жасайық.

1 - тәжірибе.

Бір кесек топырақты стакандағы суға салайық. Не байқадық. Көпіршіп шыққан не? Ауа

2 — тәжірибе.

Топырақта түрлі қалдықтар, шірінділер бар. Ол — қарашірік

3— тәжірибе

Шірінді топырақты суға салып араластырайық. Лайланған суды тұндыруға қояйық. Біраздан кейін тұнбаның астында күм, оның үстіне саз шөгеді. Бұдан топырақ құрамында күм, саз барын байқайық.

Тәжірибені қортындылау: Топырақта қарашірік көп болса, соғұрлым топырақ құнарлы болады. Қарашірік топыраққа қара, қоңыр түс береді. Өсімдік тамыры арқылы қоректік заттарды бойына сіңіреді. Күн көзінің жылуы мен ауадағы көмірқышқылы газын сіңіріп өсіп жетіледі. Өсімдіктер мен жануарлар қоректенеді. құнарлы қарашірік топыраққа айналады. Қарашірік – тыңайтқыш

**Сергіту сәті:**

Шөліркемей гүл тұрсын,

Жерім жайнап құлпырсын .

Нұрын сыйлап біздерге

Көкте мәңгі күн тұрсын.

Ортақ бізге туыстық  
Нұр сыйлаған күн ыстық  
Ыстық бізге кең өлке  
Ыстық бізге тыныштық

**Дидактикалық ойын: «Қайда бардым, не көрдім»**

Бардық дейік орманға  
Не бар екен ол маңда  
Көргендеріңді баянда.

Балалар: Ағаштар, гүлдер, саңырауқұлақтар, өсімдіктер, жидектер, аңдар, құстар.

Жазда барып өзеннің  
Жағасына бөгелдім

Кім айтады кәнеки

Мен ол жерде не көрдім.

Балалар: Су, тас, құм, шөп, гүл.

Тау басына өрмелеп,

Шаршап талай бөгелдім.

Жан – жағыма мен кенет,

Қарап едім, не көрдім.

Балалар: Тас, гүл, қарағай, шырша, өзен, аспан, бұлт, күн, құм, құстар.

Күтілетін нәтиже :Бұл біздің жеріміздің кең екенін, алуан түрлілігін, табиғатымыздың әсемдігін көрсетеді. Топырақтың маңыздылығын түсінді. Топырақтың түрлерін көрсете алады.